

Қазіргі қазақ тіліндегі термин қабылдау үдерісі және варианттылық, оның тілдік нормаға әсері

Жалпы терминология саласының маңызды сұрақтарының бірі термин мен тілдегі сөз сәйкестігі екенін атап өткен жөн. ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында термин сөздердің ерекше табиғаты жайында Г.О. Винокур: «термин ерекше сөз емес, ерекше қызмет атқаратын сөз бірлігі» □ деп көрсетеді. Ал А.А. Реформатский: «Бір қарағанда, терминология саласы өзінің шектеулі параметрлерімен ерекшеленсе, екінші бір жағынан, қарапайым сөйлеумен үнемі өзара әрекеттестікте болады. Әрбір қарапайым сөз арнаулы сөздікке енгізілуі арқылы термин болып, әрбір термин аталушы затпен дәл сәйкестігін жоғалту негізінде қайтадан күнделікті сөйлеуге оралуы да мүмкін» □ деп жазады да терминнің негізгі тілдік сипаты жүйе ұғымымен байланыстырады: «терминнің ерекше қызметі сол терминнің кіретін жүйесімен анықталады, жүйеден тыс болған жағдайда ол өзінің терминдік сипатын жоғалтады». Терминологияға қатысты зерттеулердің басым көпшілігінде терминнің жүйелілік табиғаты «нақты бір білім саласының ұғымдар жүйесін қалыптастыру қабілеті», «терминнің терминдер жиынтығын құрап көрсету қасиеті», – деп анықталады [4, с. 93]. Яғни термин жүйелілігі дегеніміз – оны жалпықолданыстық тіл лексикасынан айрықша етіп көрсететін ерекше қасиеті болып саналады.

Осыған орай ғалым В.А. Никифоров: «Терминология – жүйеге байланысты ерекше қызметі негізінде айрықша лексикалық топты құрайды. Терминология жүйесі жалпы тіл жүйесінің белгілі бір бөлігі ретінде ғылыми ойды білдірудің құралы. Терминология дегеніміз – жүйе. Терминологиядан тыс болған жағдайда сөз терминдік сипатын жоғалтады, бірақ аталымдық қызметін сақтап қалады, өйткені аталымдық қызмет сөз атаулының жалпы қасиеті» □ деген тұжырым жасайды [5, с. 114]. Ғалым Г.О. Винокурдың пікірі бойынша терминнің ерекше белгілеріне мыналар жатқызылады: 1) термин мағынасының арнайылығы, семасиологиялық шеңберлерінің нақтылығы; 2) оның зияткерлік тазалығы, яғни жалпықолданыстық айтылымдарға тән келетін бейнелі және эмоциялық реңктерден шектеулігі [1, с. 3]. Осы тұрғыдан келгенде, термин қызметінің өзі жүйесі арқылы анықталады. Сондықтан да көптеген тіл зерттеушілерінің пікірлері бойынша, қазіргі таңда термин мәселесін зерттеудің теориялық және практикалық аспектілері лексиканың жүйелілік сипатымен тығыз байланысты. Себебі жүйе шеңберінде ғана оның компоненттерінің маңызы толыққанды айқындалып, терминологиялық кішігірім жүйелердің орны анықталады (А.А. Уфимцева, М.И. Черемисина және т.б.). Жүйелілік қағидасы жеке терминологиялық жүйелер ұйымдастырылуы мен оларды зерттеудің жетекші ұстанымы болып табылады. Бұл тұжырымдаманың авторы ғалым Д.С. Лоттенің көзқарасы бойынша кез келген білім саласының терминологиясы терминдер жүйесі ретінде сипатталады [6, с. 4].

Ұйымдастырылған жеке ғылыми терминология мен сол ғылым саласының ұғымдар жүйесінің арасындағы байланысты ғалым А.А.

Реформатский де өз еңбектерінде ерекше атап өткен. Өткен ғасырдың соңында жарық көрген ғылыми әдебиеттерде термин жүйелілігіне ерекше назар аударылады: «Түрлі ғылым терминдеріне жүйелілік пен белгілі бір терминология шеңберіндегі бірліктерге ішкі және қатаң тәуелділік тән келеді. Әрбір термин белгілі бір ғылым, техника саласының жабық жүйесінде, терминологиялық өрісінде орын алады» [7, с. 86], «Терминдер арасындағы байланыс пен бірлігі өздері атау болып табылатын реалий мен ұғымдардың тұтастығымен айқындалады. Терминдер өз алдына жеке дара қызмет етпейді, олар міндетті түрде біріктіріліп ұйымдастырылады» [8, с. 52].

«Жүйе» жалпы ғылыми ұғым ретінде белгілі бір нысандардың біріктірілуі мен сол нысандардың өзара қарым-қатынасы дегенді білдіреді. Мысалы, ғалым В.М. Солнцев жүйе ұғымын: «бір-бірімен өзара қатынаста болатын, көптеген элементтерден тұратын біртұтас нысан» □ деп түсіндіреді [9, с. 17]. Ақиқат болмыс заттары мен құбылыстары ғылыми ойлау үдерісі барысында ұғым формаларында көрініс табады. Ұғымдардың мазмұнын сол заттар мен құбылыстардың жалпы және айырым қасиеттері құрайды, өйткені аталған қасиеттерді ақындау таным мақсаты болып табылады. Ұғым тілдік формада, яғни терминде тіркеледі. Осыған орай, неғұрлым белгілі бір ғылым мен техника саласы дамыған болса, соғұрлым оның ұғымдық жүйесінің элементтері немесе терминологиялық жүйесіндегі терминдер саны көп болады.

Осыған байланысты академик Ө.Айтбайұлы: «Атау сөздердің күнделікті өмірде араласпайтын жері жоқ. Тіпті қазіргі кезеңде термин сөздердің ауызекі сөйлеу тілімізге де еніп, күнделікті өзара қарым-қатынас құралына да айнала бастағанын байқау қиын емес. Мұның өзі – тілдің, атап айтқанда, әдеби тілдің қарқынды дамуын байқататын бір белгі. Керек десеңіз, сан салалы ғылыми қажетімізді өтеуге қызмет етіп отырған әдеби тіл, ең алдымен, осы терминологиялық лексиканың өрістеуіне тәуелді. Терминологиялық жүйесі жасалмаған, терминдік ұғымдары қалыптаспаған тіл – ол әлі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмаған тіл», - деп көрсетеді [10, 9 б.]. Қазіргі қазақ терминологиясының синхронды жағдайы оның қалыптасуының дереккөздері мен арналары, жеке терминдер мен терминологиялық жүйелердің жасалу уақыты, әдіс-тәсілдері оның қаншалықты күрделі және сан алуан түрлі ерекшелігін көрсетеді. Әрбір ұлттық тілдің терминологиясы сол ұлт өкілінің танымдық және тәжірибелік іс-әрекетінің нәтижесі, қоғамның кәсіби қызметінің барлық салаларындағы арнаулы ұғымдар атауларынан көрініс береді. Осы тұрғыдан келгенде жеке қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына кәсіби тіл атаулары жатқызылады. Қазіргі таңда жалпы терминологиялық жүйе теориясы тиісті дәрежеде зерттелгенімен, кейбір арнаулы лексика саласындағы терминологиялық жүйенің қалыптасу мәселелері әлі күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ. Себебі терминология саласындағы барлық жаңа болып саналған, мейлі ол ұлттық тілдің негізінде болсын немесе ұлттық тілден тыс, өзге халықтан қабылданған болсын, ең алдымен кәсіби лексикада, кәсіби тілдесімде көрініс табады. Өйткені арнаулы лексика үнемі толықтырып отыруды қажет етеді. Ал бұл өз

кезегінде терминологиялық жүйе қалыптастыру амал-тәсілдері мен жаңа жолдарын үнемі іздестіруге алып келетіні сөзсіз.

Қазіргі таңда терминологияны зерттеудің маңызын академик Ә.Қайдаров: төмендегідей себептермен айқындайды: «Бірінші себеп – әрбір өркениетті ел ғылыми - техникалық прогрестің айнасы іспетті терминологияның таптұйнақтай сындарлы болуына ерекше мән беріп, заман талабына сәйкес оқтыноқтың оның бағыт-бағдарларын анықтап, үрдісін байқап, ширатып шынықтырып отыруға тиіс, біз де енді сондай ел санатына жатамыз. Екінші себеп – қазақ әдеби жазба тілі мемлекеттік тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі – оның жон арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәрін сергек сезініп, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс, сондықтан да мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді» [12, 3 б.].

Жаңа терминологиялық жүйелердің зерттелуі, терминжасамның бірқатар өзекті әрі күрделі мәселелерін анықтауға септігін тигізеді. Олардың қатарына мыналар жатқызылады: терминжасамның қазіргі таңдағы даму үдерісін анықтау, қазақ тілінің терминжасамындағы өнімді, өнімсіз тұлғалар, терминжасаушы элементтерді (аффикстер, күрделі сөздердің стандартты бөліктері т.б.) нақты бағалап, саралау және тілдік мәртебесін айқындау т.б. Соңғы жылдары терминологиялық жүйелерде орын алатын сипаттамалы терминологиялық бірліктер табиғаты ғылыми қызығушылық танытып жүргені белгілі. Әсіресе бұл құрылымдардың ақпараттық табиғаты, олардың қолданылу уәждері аффиксті сөзжасам мүмкіндіктерінің шектеулігінен бе, әлде жоқ па деген сияқты мәселелер өз шешімін күтуде. Бұл ретте терминологиялық жүйенің белгілі бір даму кезеңдерінде құрама атаулар өнімді болса, кейбір кезеңдерде универб түріндегі терминдер өнімділік танытады. Осыған орай бұл арнаулы бірліктің міндетті түрдегі уәжділік сипатына байланысты ма, әлде ұғымдық аппараттың күрделенуінің дәлелі ме деген мәселелер аса маңызды болып саналады: «Терминологияның кешенді жүйе ретінде анықталуы, оның екі құрамын ажыратып беруге негіз болады: терминжасам және терминнің тіркелуі.

Терминнің тіркелуі білім қалыптасуының соңғы кезеңі болып саналады. Ал бұған дейінгі когнитивтік процестің кезеңдері, яғни ғылыми концептілердің пайда болуы мен қалыптасуы міндетті түрде терминжасам процестерінде өтеді. Сондықтан да терминжасам терминологиялық бірлік жасалымының ең бір динамикалық кезеңі болып саналады. Өз кезегінде терминжасам екі аспектіде қарастырылады: концептуалдық және функционалдық. Концептуалдық аспектіде терминжасамның мазмұны айқындалады, яғни мәтін сипатындағы терминологиялық бірліктің құрастырылу процесі (ғылыми білімнің вербалдануы). Бұл процес тілде бар, дайын тілдік бірліктер негізінде жүзеге асады» [13, 15 б.]. сипатымен айқындалады. «Сұлулық» дискурсы адамның ішкі, рухани жағдайына, бет-пішіміне, сыртқы келбетіне, оның басқа тұлғалармен қабылдануына, олардың бағалауына әсер ететіні белгілі. Сондықтан да бұл терминологиялық жүйе

терминдерінің тілдік табиғатына, оларға қойылатын нақты талаптарға жете мән берген жөн деп санаймыз. Ерекше қолданыс, жұмсалым саласына ие терминдер міндетті түрде белгілі бір терминология құрамына енетіні сөзсіз. Қазіргі таңда кез келген тілдің терминологиясы ғылым мен қоғамдағы үдемелі өзгерістерді айқындайтын сөздік қордың ең бір белсенді дамушы бөлігін құрайды.

Ал терминологияның семантикалық құрамы мен құрылымын, ондағы жүзеге асып жатқан өзгерістерді зерттемей, жалпы тіл дамуының заңдылықтарын дұрыс сипаттау мүмкін емес. Яғни терминдер жалпы әдеби тіл лексикалық жүйесінің негізгі, аса маңызды және ақпараттық бөлігін көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде терминология дегеніміз – терминдердің жалпы жиынтығы немесе белгілі бір қызмет (медицина терминологиясы, әскери терминология т.б.) және білім саласының терминдер жиынтығы болып анықталады. Біз жұмысымызда А.В. Суперанскаяның мұндай лексикалық бірліктер жиынтығы тек белгілі бір білім саласына ғана қатысты емес, «жалпы бүкіл ғылыми білім жиынтығына байланысты» болып келеді деген пікірін ұстанамыз, себебі кез келген ғылым арнаулы білімді қажет етеді [16, с. 37]. Ал терминологияның жүйелелік мәселесін алғаш рет ғалым Д.С. Лотте көтерген болатын.

Автордың еңбектерінде терминология жүйелілігі үш шарттың жүзеге асуын талап ететіні жайында айтылған: терминологиялық жүйе ұғымдар жіктеліміне негізделуі тиіс; жіктелімдік сұлбаларға негіздеп, терминделуші белгілер мен ұғымдарды іріктеп алу қажет; сөздер терминделуші ұғымның басқаларымен ортақтығы мен ерекшелігін айқындайтындай болуы керек [6, с. 10]. Сонымен бірге термин терминжүйе және терминологиялық өріс ұғымдарымен тығыз байланысты. Егер терминология дегеніміз – стихиялық түрде қалыптасатын терминдер жиынтығы болса, терминжүйе дегеніміз – саналы түрде жасалатын терминдер жиынтығы және де бұл терминдер жиынтығы бір теория (ғылыми концепция) негізінде құралып, белгілі бір ғылым, техника немесе қызмет саласына қатысты ұғымдар байланысының өзара байланысы мен қатыстылығын айқындайды. Ал терминологиялық өріс терминтанымның күрделі мәселелер қатарына жатады, себебі «кейбір авторларда оның анықтамасы мүлдем сәйкес келмейді, ал басқалары жалпы оны бөлек ажыратып көрсетудің өзі күмәнді деп санайды, өйткені олардың пікірінше, бұл ұғым терминологиялық жүйе ұғымымен ұқсас» [17, с. 200].

Ғалым Л.А.Морозованың пайымдауынша, «терминологиялық өріс дегеніміз – біркелкі кәсіби қызмет саласы терминдерін біріктіруші жүйелі негізде біріздендендірілген көпдеңгейлі жіктелімдік құрылым» [18, с. 64] немесе «белгілі бір білім саласының қисынды-ұғымдық қарым-қатынастарын айқындайтын ғылыми дефинициялар секілді абсолюттік көрсеткіштерге негізделген нақты бір терминологиялық жүйе терминдерінің өзара байланысының қатаң әрі қисынды ретті иерархиясы» [19, с. 65]. Ғалымдардың пікірінше, терминологиялық жүйе: «күрделі, динамикалық тұрғыдан тұрақты жүйе, оның мазмұнына белгілі бір ережелерге сәйкес іріктеліп алынған лексикалық бірліктер ғана енеді» [20, с. 37].

Терминологиялық жүйе негізінен «ғаламның ғылыми бейнесінің» бір бөлігін айқындап, ұғымдарды белгілеуде реттілік, толықтық және дәлдік сияқты қасиеттермен сипатталады [21, с. 7]. Жоғарыда келтірілген анықтамадан мынадай тұжырым жасауға болады: «терминологиялық жүйе – нақты бір білім саласының иерархиялық тұрғыда құрылымдастырылған терминдерінің жиынтығы» [22].

Сондықтан да терминологиялық жүйе мен терминологиялық өріс ұғымдары сәйкес келеді деген көзқарасты жоққа шығаруға болады, өйткені соңғысы ондағы элементтер арасындағы байланыстарды орнату үшін қажет [23, с. 8]. Қазіргі таңда терминология зерттеулері тек ғылыми ғана емес, сондай-ақ қолданбалы мақсаттарға да қол жеткізу үшін жүргізілетіні баршаға мәлім. Осы тұрғыдан алғанда нақты терминологиялық жүйелер сипаты мен терминологиялық өлшемдерді айқындау ғана маңыздылыққа ие бола бермейді, сонымен бірге терминдердің жұмсалымдық-коммуникативтік әмбебап сипаты және «лакуна» сияқты құбылыстардың мән-жайын ашып беру мәселелері аса өзектілікке ие сұрақтар қатарына жатқызылады. Жалпы «лакуна» түсінігі латынның «lacuna» сөзінен шығып, тереңдеу деген мағынаны білдіреді, ал тілші-ғалымдар оны танымдағы бос орын, бостық, мәтіндегі немесе коммуникациядағы қарама-қайшылықтар, басқа тілдерде бола тұрып, тағы бір тілде болмайтын лексикалық бірліктер деп түсінеді [24, с. 8]. Алайда, зерттеушілер лакуналарға түрлі анықтамалар береді. Мысалы, бұл дегеніміз – кез келген «екі локалды мәдениеттердің эмотивті, тілдік және ұғымдық категорияларын салғастыру барысында пайда болатын сәйкессіздіктер» [25]. Ғалым Л.С. Бархударов мәселен, лакунаны бір тілдің сөздік қорында бар, ал екінші бір тілде жоқ сөздер деп анықтайды [26, 95 б.]. Дегенмен, біз зерттеуімізде ғалым Т.Ю. Данильченконың пікірін қолдаймыз, өйткені автор ұғымдық деңгейге мынадай анықтама береді: лакуна дегеніміз – екі немесе бірнеше мәдени бірлестіктердің эмоциялық, тілдік, ұғымдық категорияларын салғастыру барысындағы сәйкессіздіктер, өз кезегінде олар аталған мәдени бірлестіктерді бір-бірін жатсынушылыққа, шеттетушілікке итермелейді.

Аталған жатсынушылықтар әлеуметтік бірлестіктер мен топтар арасындағы ерекше мәдени, саяси алшақтық болуымен айқындалады [27]. Біздің түсінігіміз бойынша, лакуна мәселесі бір тіл шеңберіндегі ғаламның тілдік бейнесі қалыптастырылуы үдерісінде пайда болуы мүмкін. Сол себепті бір тіл аясындағы терминдерді жүйелеуде лакуна мәселесін қарастыру өте өзекті болып саналады. Бұл ғаламның ғылыми бейнесінің құрылымын зерттеу мәнмәтініндегі терминологиялық жүйелерді үлгілеу қажеттілігін айқындайды. Кез келген терминология белгілі бір нормалар, ережелер, қағидаттар мен үлгілердің есепке алынуы арқылы жасалатыны белгілі. Терминологиялар қалыптасуының негізгі қағидаттарына мыналар жатқызылады: өз құралдарын тірек ету принципі, терминдерді аудару қағидасы, термин емес сөздердің терминденуі және біріктіру қағидасы [28, 131 б.]. Әрбір дамыған тілде мыңдаған терминдер орын алып, қаншама терминологиялық жүйелер қалыптасқан. Оларды, ең алдымен, қызмет ететін

білім мен кәсіп салалары бойынша жіктеуге алады. Мәселен, терминдер жиынтығын құрылымы мен күрделілігі бойынша жіктейді: үлкен және кіші (микрожүйелер); иерархиялық, көпаспектілі, ұялы т.б. Яғни қазіргі ақиқат болмыстағы термин маңызы мен сан алуандығы отандық та, шетелдік те зерттеушілердің үлкен қызығушылығын танытуда. Мұндай аса қызығушылықтың дәлелді негіздемесі бар, себебі ғылым үнемі бір орында тұра бермейді, адамзат қоғамы өзінің барлық қызмет саласында үдемелі түрде өсуге тырмысады. Қазіргі таңда адам білімінің қалыптасқан салаларындағы тұрақты өзгерістермен қатар, жаңа пәндер пайда болып жатыр, ал жаңа сөздердің 90% -ы терминдер болып табылады.

Сондықтан терминнің жұмсалымдық қасиетін қарастыру өте маңызды мәселелер қатарынан табылып, ғылыми дискурстың жұмсалымдық бірліктерінің ең күрделісі де осы тілдік категория болып саналады. Ғалым М.Н. Лату былай деп санайды: «термин, ең алдымен, ғылыми дискурста қолданылуы үшін жасалады» [29, с. 7-8]. Осыдан ғылыми лексиконның кез келген бірлігі термин ретінде қарастырыла бермейтіні, ол терминологиялық ғылыми қауымдастық мүшелерімен, яғни коммуниканттардың басым көпшілігінің пікірімен ғана айқындалатыны жайында қорытынды жасауға болады. Осы кезге дейін «термин» ұғымының өзі нақты анықталмағаны жөнінде айта кеткен жөн. Терминнің лексикалық және жұмсалымдық ерекшеліктері, оның анықтамасы ғылымда пікірталас тудырып жүрген мәселе. Термин мен терминологияның теориялық мәселелеріне арналған көптеген еңбектерді талдау барысында термин анықтамасына қатысты алуан түрлі бірбірін толықтыратын түсініктемелерді байқауға болады.

Терминологияны жүйелеу мәселесі мамандардың өзара түсінісуінде үлкен маңызға ие, мейлі олар бір тілде сөйлесін немесе түрлі тілдер иелерін болсын. Термин белгілі бір ғылыми білім саласына қатысты ұғымды дәлме-дәл беруі қажет. Термин анықтамасының өзі нақты болмағандықтан осы мәселеге назар аударма кеткен жөн. Мысалы: «термин дегеніміз – арнаулы ұғымды білдіретін және оның сол ұғымдар жүйесіндегі орнын айқындайтын тілдік таңба» [34, с. 30]. Ғалым Ю.Н. Ревинаның анықтауы бойынша, «термин арнаулы білім немесе қызмет саласының ғылыми немесе техникалық ұғымын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі» [35, с. 8]. Д.Л. Бронникованың пікірінше: «Термин дегеніміз – белгілі бір білім саласының ұғымын белгілеу үшін қабылданған арнаулы лексикалық бірлік. Ол қарапайым сөйлеуде, әдетте болмайтын және мәтінде қысқа да нұсқа нақты ақпарат пен ұғымдарды белгілеу үшін пайда болады. Термин – дәл, бірмағыналы, анық ғылыми анықтамасы бар, оған эмоционалдық, экспрессивтілік, модальділік секілді қасиеттер тән емес, ол стилистикалық тұрғыдан бейтарап және жүйелі тілдік бірлік. Терминдер әрдайым белгілі бір ғылыми концепциямен байланысты болып, олар арқылы ғылыми зерттеулер мен табыстардың нәтижелері, теориялық мән-мағыналар айқындалады.